



# SEMEI tañy



www.semeity.kz

№ 154 (19622)

24 желтоқсан, 2024 жыл

https://www.youtube.com/@semeity

КӨКПЕКТИ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

КИМ КЕЛДІ? КИМ КЕТТІ?

## ТАҒЫ ДА ҚОНЫС ТОЙЫ!

Көкпекті ауданында тұрғын үй мәселесі оңтайлы шешілуде. Биыл Көкпекті ауданында мемлекеттік бағдарламалар және меморандум аясында 50 тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, халықтың әлеуметтік осал тобындағы, көп балалы отбасыларға және баспанаға мұқтаж азаматтарға берілді. Өткен сенбі күні аудан орталығы Көкпекті ауылында тағы 8 баспананың кілттері табысталды.



Жадыра ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ, «Semei tañy»

Ауданы 85 шаршы метрді құрайтын жаңа баспаналарда барлық жағдайлар жасалған.

Тұрғын үйлердің кілттерін табыстау рәсіміне аудан әкімі Әділет Қожанбаев қатысып, жаңа баспана иелерін қоныс тойларымен құттықтады.

Аудан 85 шаршы метрді құрайтын жаңа баспаналарда барлық жағдайлар жасалыпты.

Тұрғын үймен қамту – халықтың өмір сүру сапасын жақсарту бағытындағы маңызды қадам. Өздеріңіз білетіндей, биыл Көкпекті ауданында тұрғын үй құрылы-

сы қарқынды жүрді. 50 тұрғын үй салынды. Аудан әкімдігі азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған осындай жобаларды алдағы уақытта да жүзеге асыра береді. Барлық қоныс той иелерін құттықтай отырып, құт-береке, отбасылық бақыт тілеймін! - деді аудан әкімі Ә.Қожанбаев.

Жаңа қонысқа ие болған тұрғындар аудан әкімдігіне алғыстарын білдіріп, қариялар баталарын берді.

Еске сала кетейік, Республика күні қарсаңында Көкпекті ауылында 6 баспананың, Туелсіздік күні қарсаңында Үлкенбөкен және Үлгімалшы ауылдарында 28 жаңа үйдің кілттері кезекте тұрған отбасыларға табысталған болатын.



## АПТА КАДРЛЫҚ АУЫС-ТҮЙІСТЕН БАСТАЛДЫ

Сонымен, Семей қаласының әкімі Нұрбол Нұрсағатов өз өтініші бойынша қызметінен босатылып, орнына осыған дейін Бесқарағай ауданының әкімі болған Талғат Батырұлы Мұратов, ал Бесқарағай ауданының әкімі қызметіне Нұрбек Тұрсынқанұлы Қошқарбаев тағайындалды.

Талғат Батырұлы Мұратов Алматы облысы Қаратал ауданы Кальпе ауылында дүниеге келген.

2007 жылы Қазақ бас сәулет құрылыс академиясын, 2015 жылы Қазақстан инновациялық университетін, 2018 жылы Қазақ қатынас жолдары университетін тәмамдады.

Еңбек жолын 1993 жылы «Стройдеталь» жеке кәсіпорнының атқарушы директоры қызметінен бастаған. Әр жылдары түрлі мекемелерде басшылық қызмет атқарған.

2014-2018 жылдары Бесқарағай ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімінде бас маман, бөлім басшысы болды. 2018-2021 жылдары Жарма ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарды. 2022 жылдан жаңа қызметке тағайындалғанға дейін Бесқарағай ауданының әкімі болды.

Талғат Мұратов ауданды басқарған 2 жыл ішінде көптеген іс тындырылды. Ауылдар абадтандырылып, жолдар жөнделді. Жаңа нысандар, тұрғын үйлер бой көтеріп, аудан экономикасы дами түсті.

Қалаға таяу орналасқан шағын аудан биылғы жылда да табысты аяқтап отыр. Бір жылдың ішінде сексенге жуық жоба жүзеге асырылды, бұл Талғат Мұратовтың істі ұтымды ұйымдастыра білуінің нәтижесі деп білеміз.

Талғат Мұратовтың жаңа қызметіне табыс тілейміз!

\*\*\*

Қошқарбаев Нұрбек Тұрсынқанұлы 1979 жылы Көкпекті ауылында дүниеге келген. Семей қаласындағы М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжін Бастауыш сынып және ұлттық мектепте орыс тілі пәні мұғалімі, М.О.Әуезов атындағы Семей университетін Қазақ тілі және әдебиет мұғалімі, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетін Құқықтану, Семей қаласының Шөкәрім атындағы университетін Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрастырылымдарын өндіру мамандықтары бойынша бітірген.

Нұрбек Қошқарбаев еңбек жолын Семей қаласының № 33 орта мектебінде орыс тілі пәнінің мұғалімі болып бастаған. 2008-2009 жылдар аралығында Семей қаласының № 17, № 36 орта мектептерінде қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі, 2009-2010 жылдары Ақмола облысы Жақсы ауданындағы Жақсы ауылының № 2 Жақсы орта мектебінің директоры, 2010-2012 жылдары Семей қаласының білім бөлімінің бас маманы қызметтерін атқарған.

2012-2013 жылдары Бесқарағай ауданы әкім аппаратының ұйымдастыру-кадр және мемлекеттік-құқық жұмысы бөлімінің басшысы, 2013 жылдың ақпан-қыркүйек айларында Семей қаласы әкім аппаратының ұйымдастыру-кадр жұмысы және марапаттау бөлімінің бас маманы, 2013-2014 жылдары Семей қаласы әкім аппаратының персоналды басқару бөлімінің басшысы болды.

2014 - 2015 жылдары Семей қаласы әкім аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің басшысы, 2015-2019 жылдары Курчатов қаласы әкім аппаратының басшысы болған Нұрбек Тұрсынқанұлы 2019 жылдан бері Бесқарағай ауданының әкімі болып тағайындалғанға дейін Курчатов қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарды.

\*\*\*

Нұрбол Төлегенұлы Нұрсағатов Абай облысы құрылған сәттен бастап Семей шаһарының тізгінін екі жыл қолында ұстады. Осы уақыт аралығында Нұрбол Төлегенұлының басшылығымен қаладағы біраз күрмеуі қиын мәселелер шешімін тапты. Жолдар жөнделіп, барлық жер асты өткелдері қалпына келтірілді. Аялдамалар жаңарып, қоғамдық көлік саны артты. Бірнеше саябақ, аспалы көпір астында екі қоғамдық кеңістік ашылды. Аулалар абадтандырылып, футбол және спорт алаңдары жастардың игілігіне берілді. Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару мәселесі біртіндеп шешіле бастады.

Екі жыл көп уақыт емес, дегенмен Семей жұртшылығы осы уақыт ішінде Нұрбол Нұрсағатовты білікті басшы ретінде таныды. Бобровка, Мұрат, Водный, Шығыс секілді қала шетіндегі кенттердің тұрғындарымен де талай мәрте жүздесіп, мәселелерін шешіп берді. Әлеуметтік желілерде де белсенді болды. халықпен жақсы қарым-қатынас орната білді. Алаш арыстарының ізі қалған қарт Семейдің көркеюі жолында бар күш-жігерін салып, аянбай тер төкті.

Нұрбол Төлегенұлына Семей қаласына сіңірген еңбегі үшін алғыс айта отырып, алдағы қызметіне табыс тілейміз.

«СТ» - ақпарат

## СЕМЕЙ ҚҰАНЫШ СҢЙЛАҒАН ШЫРШАТОЙ

Семей қаласында биыл алғаш рет қала әкімдігінің ұйымдастыруымен атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың 6-12 жас аралығындағы балаларына арналып шырша мерекесі өтті.

Сымбат ҚАЙРАТҚЫЗЫ, «Semei tañy»

Жаңа жылдық кешке 160-қа жуық бала қатысты. Мерекелік шараға Семей қаласы әкімінің орынбасары Арайбек Хамзаев қатысып, балаларды Жаңа жылмен құттықтады.

Әрбір бала Жаңа жыл мерекесі қарсаңында тылсым бір ғажайыпты, ертегідей сиқырды күтеді. Осыған орай қала әкімінің қолдауымен қызықты бағдарлама әзірленді. Осы мерекеге біз жетім балаларды, әлеуметтік аз қамтылған және көп балалы отбасылардағы балаларды, сондай-ақ оқуда, спортта, шығармашылықта жетістіктерге жеткен дарынды оқушыларды шақырдық, - дейді А.Хамзаев.

Айта кету керек, шырша мерекесі заманауи технологиялар қолданылып, музыкалық-интерактивті шоу-спектакль форматында өтті. Іс-шара ететін орын ерекше безендіріліп, ойын-сауық лазерлік шоумен сүйемелденді. Фотоға түсетін арнайы орын да ұйымдастырылды. Балалар ертегі кейіпкерлерімен кездесіп, сиқырға толы қойылымды тамашалап, ерекше әсерде болды. Әр балаға тәтті сыйлықтар табысталды.



## ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Облыс әкімі Нұрлан Ұрханбаев Бородулиха ауданына қарасты Жаңа Шүлбі ауылындағы Арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығында болды. Сапар барысында өңір басшысы мекеменің тыныс-тіршілігімен танысып, қызметкерлердің өтініш-тілектерін тыңдады.

## ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ - БАСТЫ МІНДЕТ



Азамат ЕРСАЙЫН, «Semei tañy»

Қазіргі таңда аталған мекемеде педагог-психолог кабинеттері, үйірме жұмысына арналған орындар, хореография, акт залы, медициналық пункт, жаттығу залы, сондай-ақ «Орман жиегі» деп аталатын жазғы сауықтыру алаңы бар. Орталықта 20-дан астам шығармашылық және спорттық бағыттағы үйірмелер мен секциялар жұмыс істейді. Мамандар балалардың қабілеттерін ұштап қана қоймай, әлеуметтік тұрғыдан бейімделуге де көмектеседі. Орталық аумағында сонымен қатар спорт және ойын алаңдары да бар.

Мекемеде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бейнебақылау камералары орнатылған. Қазандық, кір жуатын орын, гараж,

қоймалар жабдықталып, жарықтандыру жұмыстары жүргізілген. Орталықтың барлық аумағы толықтай қоршалыпты.

Мекемеде бүгінде 48 бала тәрбиеленуде. 26 педагог еңбек етеді. Орталықтың 75 балаға дейін қабылдауға мүмкіндігі бар. Мұнда арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж 3 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға, оның ішінде физикалық және психикалық дамуында аздаған ауытқулары бар балаларға кешенді қолдау көрсетіледі.

Нұрлан Телманұлы мекеме ұжымымен кездесіп, тәрбиеленушілердің білім алуы мен өмір сүру сапасын жақсарту бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстар жайында пікір алмасты. Сапаға ерекше көңіл бөлу керектігін айтқан облыс әкімі балалардың қызығушылықтарын ескеріп, болашақтарына қа-

жетті дағдыларға баулитын үйірмелер ашуды тапсырды. Ал облыстық білім басқармасының басшысына орталыққа әдістемелік көмек көрсетуді, ұжымдар арасында тәжірибе алмасуды жолға қоюды, аудан әкіміне балалардың қалаға саяхаттауына жағдай жасауды міндеттеді. - Барлығымыз да бала тәрбиелеп отырмыз. Бұл орталықтағы балалар ерекше қамқорлықты қажет етеді. Олар қоғамда өздерін еркін сезінулері үшін барлық жағдайды жасауымыз керек. Бұл балаларды болашақ өмірге бүгіннен бастап даярлау - біздің ортақ міндетіміз, - деді облыс әкімі.

Облыс әкімі орталыққа жасаған сапары барысында бокс секциясына қажетті жабдықтар мен шаңғыға арналған жиынтықтарды сыйға тартты.

ЖАҢАЛЫҚТАР

САРАПТАМА

АҚПАРАТ

АПТАСЫНА ҮШ РЕТ ШЫҒАТЫН "SEMEI TAÑY" ГАЗЕТІНЕ

ЖЕКЕ ТҰЛҒА: 6 АЙҒА - 6172, 80 ТЕҢГЕ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА: 6 АЙҒА - 14081, 04 ТЕҢГЕ

2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

# SEMEI tañy

АҚСУАТ

Ақсуат аудандық әкімдігінде тәжірибе алмасу мақсатында көшпелі мәжіліс өткізу дәстүрі қалыптасып келеді деуге болады. Әкімдіктің өткен жолғы мәжілісі Құмкөл ауылында ұйымдастырылған еді. Кезекті жиын Екпін ауылдық округінде өтті. Оған аудан әкімі және оның орынбасары, аппарат басшысы, аудандық мәслихат төрағасы, ауыл әкімдері, мекеме, бөлім басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

КӨШПЕЛІ МӘЖІЛІСТІҢ КӨМЕГІ КӨП

Хамза СӘТІЕВ, «Semei тауы»

Жиын басталардан бұрын мәжіліске қатысушылар және әр ауылдық округтерден келген жергілікті қоғамдастық төрағалары мен шаруа қожалықтарының жетекшілері Екпін ауылының өнертапқыш азаматы М.Күшекбаевтың табиғи отын өндіру әдісімен, "Саят" шаруа қожалығының тыныс-тіршілігімен және осы округтегі ауылшаруашылық техникаларының көрмесімен танысты.

Тағы бір жақсы жаңалық - Ы.Кәбеков атындағы орта мектепке "Батыр боламын" республикалық қоғамдық қоры спорт құралдары мен жабдықтарын сыйға тартқан болатын. Жиналғандар осы бір игі істің куәсі болды.



Әкімдіктің көшпелі мәжілісі Екпін ауылының жаңадан салынған мәдениет үйінде өтті. Құн тәртібінде алдымен 2024 жылдың қорытындысы бойынша ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің орындалуы және бюджет қаражатының игерілуі туралы мәселе қаралды. Бұл жөнінде аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Жәстілек Көкбаев баяндап берді. Аудан мектептерінің әлеуетін арттыру туралы білім бөлімінің басшысы Амангелді Қыдырмолдин ақпарат берді. Аудан көлемінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері бағасының тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары және жәрмеңкесіз ету барысы туралы аудандық ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі басшысының міндетін атқарушы Серік Ахметов баяндама жасады.

Сонымен қатар Екпін ауылдық округінде 2024 жылы атқарылған

жұмыстар және әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері мен салық түсімдерінің орындалуы туралы Айбек Қараталов ақпарат берді.

Жиынды қорытындылаған аудан әкімі Еркін Кәдірбекулы осы уақытқа дейін атқарылған шаруаларды саралай отырып, алда тұрған міндеттерге де кеңінен тоқталды. Ол қандай міндеттер? Ең алдымен ауылдық округтердің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне талдау жасау қажет екен. Сонымен қатар салық жинау мәселесін бір жүйеге түсіру, инвестиция тарту, мек-

тептерде білім мен тәрбие беру сапасын жақсарту, денсаулық сақтау мекемелерінде қосымша пештердің және дизельді жылыту құралының болуын қамтамасыз ету, әрбір ауылдық округте жылыжайлардың болуына жетісу, азық-түлік бағасын тұрақтандыру, аудан орталығында өтетін жәрмеңкелердің талапқа сай ұйымдастырылуы, жәрмеңкеде тек қана ауылшаруашылық өнімдерін ғана емес, қарапайым тұрғындардың өздерінен артылған сан түрлі тауарларын саудалауға мүмкіндік жасау туралы мәселелер де айтылды.

Басшылық тарапынан берілген тапсырмалардың жергілікті жерлерде орындалғанын жиындарда естіп қана қоймай, оны барлық көзбен көру, қай істің қалай атқарылғанын шамалап, «біз де осылай жасайық» деп үлгі алу, тәжірибе алмасудың жөні бөлек. Бұл жолғы жиын да ауыл басшыларына ғана емес, жиынға қатысқан жергілікті қоғамдастық төрағалары мен шаруа қожалықтарының жетекшілеріне ой салып, жақсы әсер қалдырғаны даусыз.

БАЛУАНДАРЫМЫЗ АБЫРОЙМЕН ОРАЛДЫ

Кеншілер өңірінің орталығы Қарағанды қаласының 90 жылдығы аясында ардагер спортшылар арасында дзюдо, самбо және қазақ күресінен өткен «Қарағанды күрес шебері» ашық қалалық турнир дүбірлі жарыстардың бірі болды. Республикалық деңгейде ұйымдастырылған бұл турнирге еліміздің он жеті облысынан үш жүзге жуық спортшы қатысқан екен.



Х.СІЛӘМҰЛЫ, «Semei тауы»

Айтулы жарысқа Абай облысынан он шақты балуан бір команда болып барыпты. Олардың төртеуі - Ерғали Қалмақбаев, Алмас Сақпанбаев, Ерлан Ахметов және Қалжан Қанапиянов - Ақсуат ауданының азаматтары. Ақсуаттық балуандарды жасы үлкен, тәжірибесі мол Ерғали Қалмақбаев бастап барыпты.

Жарыс қорытындысында бірінші орынды Қарағанды облысының командасы жеңіп алса, екінші орынды Абай облысы иеленіпті. Үшінші орын астаналық балуандарға бұйырды. «Күш атасын танымас» дегендей, намысты қолдан бермеуге тырысып, күрестің үш түріне де қатысқан балуандарымыз өз салмақ дәрежелері бойынша жеңіс тұғырына көтеріліп, ауылдарына абыроймен оралды. Нақтырақ айтқанда, Алмас Сақпанбаев екі алтын (қазақ күресі мен самбодан), бір күміс (дзюдодан) медаль алыпты. Қалжан Қанапиянов та екі алтын (самбо мен қазақ күресінен), бір күміс (дзюдодан) медаль иеленіпті. Ал Ерлан Ахметов бір күміс (қазақ күресінен) және екі қола (дзюдо мен самбодан) медальды қанжығасына байласа, Ерғали Қалмақбаев бір алтын (қазақ күресінен), екі күміс (дзюдо мен самбодан) медальды жеңіп алыпты.

БЕСҚАРАҒАЙ

ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



Бесқарағай ауданында жылды қорытындылауға арналған салтанатты шара өтті. Іс-шара барысында аудан әкімі Талғат Мұратов «Жыл таңдауы-2024» жобасы аясында жыл үздіктерін марапаттады. Іс-шараның екінші бөлімінде «Бірге! Бір толқында!» атты жастар форумы ұйымдастырылды.

Ай-Керім СӘРСЕНҚАЛИ, «Semei тауы»

Аудан басшысы Қарағайлы өлкенің халқы үстеміздей жылды табысты аяқтағанын, әр салада бір жыл ішінде ауқымды істер атқарылғанын айта келіп, бұл жергілікті атқарушы билік пен бірлігі бекем халықтың ортақ жетістігі екенін атап өтті. Тұрғындарды алдағы Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, жаңа табыстар тіледі. Аудан әкімі содан кейін әлеуметтік желі арқылы халық өзі таңдап алған жыл үздіктерін жеті номинация бойынша марапаттады.

"Жылдың үздік ауыл шаруашылығы қызметкері" номинациясымен Беген ауылдық округіндегі "Нұрболат" шаруа қожалығының басшысы Еділ Көшкенов марапатталса, Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі Гаиза Чегібаева «Жылдың үздік ұстазы» атанды. «Жылдың үздік медицина қызметкері» аталымы бойынша аудандық орталық аурухананың қамту қызметкері Сәлия Шұбароваға жеңімпаз атанса, «Жылдың үздік мәдениет қызметкері» аталымына Әсет Төлеуов лайықты деп танылды. Басқалар ауылдық округінің әлеуметтік қызметкері Анна Хасанова «Жылдың үздік әлеуметтік қызметкері», аудандық аумақтық орталықтың жүргізушісі Ербол Қалиев «Жылдың үздік еңбек адамы» атанды. Ал "Жыл адамы

- 2024" номинациясымен туған жер алдындағы парызын ұмытпай, Бесқарағай ауылында жаңа мешіт салып, ондағы Корнев көшесінде абаттандыру жұмыстарын жүргізген Қайрат Итемғенов марапатталды.

Ал Долон ауылдық округінің әкімі Талғат Құмаров пен аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы Алмағұл Абылқасова Абай облысы әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Салтанатты жиын «Бірге! Бір толқында!» жастар форумымен жалғасын тапты. Белсенді жастарға жеті номинация бойынша аудан әкімінің арнайы сыйлығы табысталды.

Жас ұрпақтың шығармашылық және әлеуметтік белсенділігін ынталандыруға бағытталған форумда Бесқарағай жастары ауданның болашағына қатысты ой-пікірлерін ортаға салып, жаңа жобалар мен бастамаларға шабыт алды.

Аталған форум 2019 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Үміткерлер 7 номинация бойынша өз құжаттарын тапсырып, арнайы құрылған комиссия шешімімен жеңімпаздар анықталған болатын. Жеңімпаздарды қалыптасқан дәстүр бойынша жетістікке жеткен аға буын өкілдері марапаттады.

Бесқарағай аудандық мәслихатының төрағасы Мейрамғұл Абылғазина «Жылдың үздік жас көшбасшысы» ата-

лығын Абылайхан Сабырұға тапсырды. Жастар ресурстық орталығының директоры Арыстан Сабыров «Жылдың жас волонтері» номинациясымен Нұрбике Шақты марапаттады. Нұрбике Жеңісқызы жыл бойы қайырымдылық шараларының ұйытқысы болып, белсенділігімен танылды.

Бесқарағай аудандық білім бөлімінің басшысы Медет Кәдірбеков «Жылдың үздік оқушысы» номинациясын Бейбарыс Аринжановқа табыстаса, Бесқарағай ауданының әкімі аппаратының кадр бөлімінің басшысы Әлия Миятова «Жылдың жас мемлекет қызметшісі» аталымын Бақытжан Қожанбекке табыстады. Қазақстанның еңбексіздік қайраткері Мапруза Өтеуленова «Жылдың жас мәдениет қызметкері» номинациясымен Азамат Нұрбахытты марапаттаса, 2023 жылы үздік спортшы атанған Сәулет Тұқанов «Жылдың жас спортшысы» номинациясын Әкежан Магерповке табыстады. Әкежан - панкратион спортынан республика чемпионы.

«Жылдың жас жаңуысы» аталымына Өшімовтер отбасы лайықты деп танылды. Оларға "Мерейлі отбасы" республикалық байқауының лауреаттары, Байқаушы облыстық кезеңінің гран-при жүлдесінің иегерлері Смағұлұттар жаңуысы марапаттарын ұсынды.

Кеш аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының мерекелік концертіне ұласты.

КӨКПЕКТІ

ӘКІМНІҢ ТАРТУУЫ

Аудан әкімі Әділет Нұрсағатұлы Көкпекті ауылындағы Жанна Жабекованың тігін цехына жаңа құрал-жабдықтар табыс етті.

Жуырда аудан басшысы Көкпекті ауылындағы Жанна Жабекованың тігін шеберханасына арнайы барған еді.

Жанна Берікбекқызы жол апатына түсіп, қиын жағдайға тап болғанына қарамастан, тағдырына мойымай өзінің сүйікті ісімен айналысуда. 2016 жылы жергілікті кәсіпкерлер палатасының директоры Әлия Орынбеқызының қолдауымен мемлекеттен грант ұтып алып, өз ісін бастаған кәсіпкер бүгінде жұмсақ ойыншықтар тігуге айналысады. Сонымен қатар Балалар шығармашылық сарайында тігін үйірмесін жүргізіп, қыздарды ісмерлікке үйретіп жүр.

Жанна Берікбекқызының өмірге деген құштарлығына төнті болған аудан әкімі

Әділет Қожанбаев шеберхананың тігін машиналары мен бұт үтік табыс етіп, қолдау көрсетті.

Жанна Берікбекқызы секілді қайсар жандар - ауыл жастарына үлгі. Осындай еңбеккер, іскер азаматтарымызға қамқорлық таныту біздің ортақ міндетіміз деп білемін, кәсіпкерлікке қолдау көрсету арқылы ауылдың өркендеуі мен дамуына да жағдай жасаймыз, - деді аудан әкімі Ә.Қожанбаев.

Жанна Берікбекқызы аудан әкіміне көрсеткен қолдауы үшін алғысын білдіріп, алдағы жоспарларын бөлісті.

«ST»-ақпарат

АБАЙ

ТРОПИКАЛЫҚ ЖЕМІСТЕР ӨСІРІЛЕДІ

Абай ауданының Жалпы орта білім беретін мектебінде оқушылар білім алып қана қоймай, ауыл шаруашылығы саласында да тәжірибе жинақтап жүр. Олар мектеп аумағындағы жылыжайда лимон, мандарин және анар сияқты экзотикалық жемістер өсіріп, жыл сайын жақсы өнім алуда.

Сымбат ҚАЙРАТҚЫЗЫ, «Semei тауы»

Бұл жылыжайдың жұмыс істеп келе жатқанына 10 жылдан асқан. Алғашқы жылдары мұнда түрлі гүлдер мен қызанақ, қияр сияқты көкөністер өсірілетін. Соңғы төрт жылдан бері тропикалық жемістер өсірілуде. Оқушылардың тиынақты күтіп-баптауының арқасында, мысалы, бананның биіктігі 1,5 метрге дейін жетіп, өнім көлемі жыл сайын артып отыр.

Мектеп басшылығының айтуынша, экзотикалық жемістердің өсіп-жетілуін биология пәні мұғалімдері мен оқушылар бақылап, өсу ерекшеліктерін мұқият зерттейді. Балалардың экзотикалық өсімдіктер өсіруге қызығушылығы да артып келеді, оларды күтіп-баптап жүріп табиғатқа, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға үйренуде. Оқушылар тропикалық жемістерді өсірудің ерекшеліктері туралы түрлі ғылыми жобалар дайындап, тәжірибелік жұмыстар жүргізуде, бұл олардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.



Жақында мектеп 17 тұрақты даму мақсаты аясында ерекше жетістікке жетіп, ЮНЕСКО клубының мүшелігіне енді. Осыған орай, Нархоз университетінің тұрақты даму институтының не-

даму құндылықтарына үйретудің тамаша үлгісі екенін атап өтті.

Айта кетейік, Тұрақты даму мақсаттары (ТДМ) - бұл кедейлік жоюға, теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы тұруға, Жер шарын қорғауға және барлық адамдар үшін бейбітшілік пен гүлденуді қамтамасыз етуге бағытталған әлемде қабылданған мақсаттар. 2030 жылға дейін 17 негізгі бағыттар тандалды, олардың жүзеге асырылуы елді өмірдің барлық негізгі салаларының тұрақты дамуына және осы әлемдегі әрбір адамға қатысты жаһандық мәселелерді шешуге жетелейді.

Тұрақты даму мақсаттарын енгізу және оған қол жеткізу процесі БҰҰ өкілдері тарапынан да, Қазақстан Республикасының үкіметі тарапынан да үнемі бақыланады. ТДМ-на тиімді жету үшін ведомстволарлық және тұрақты дамудың мақсаттық индикаторлары жөніндегі сарапшылар тобы (ТДМ - ИСТ) БҰҰ-ға мүше әр мемлекет үшін осы көрсеткіштерді мемлекет меншігіне айналдыру мүмкіндігі бар ғаламдық көрсеткіштер жүйесін жасады. Бүгінгі күні Қазақстанның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу мониторинг жүйесі 280 индикаторды қамтиды, оның 205-і - ғаламдық, ал 75-і - ұлттық индикаторлар.

ӨНІРЛІК КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНДЕ

**Абай облысының өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихатында кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Рүстем Ворошилов биылғы жылдың II айында атқарылған жұмыстар туралы баяндады.**

# 1,8 ТРЛН ТЕҢГЕНІҢ ӨНІМІ ӨНДІРІЛДІ



**Жадыра ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,**  
«Semei tanu»

Рүстем Нұрәлиұлының айтуынша, осы жылдың қорытындысы бойынша, өңірдегі шағын және орта бизнес нысандарының саны 54 380-ге жеткен. Оларда 103 952 адам еңбек етуде.

- Бүгінгі күні Абай облысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бойынша баға индексі 100,3 пайызды құрайды. Азық-түлік тауарларының бірнеше түрі бойынша бағаның өсуі байқалады. Мәселен, макарон бағасы 1,8 пайызға, пияз бағасы 4,4 пайызға, тұз бағасы 4,5 пайызға көтерілген. Қалған өнімдер бойынша баға тұрақты. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында облыста 152 мониторинг тобы жұмыс істейді. Сондай-ақ өңірлік тұрақтандыру қорын жасау үшін 2022 жылы Үкімет резервінен екі млрд теңге қаржы бөлінді. 1,3 млрд теңгеге әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына форвардтық келісімшарттар жасалды. «Айналым схемасы» шеңберінде бірінші санатты жұмыртқа өндіру үшін «SEMEI QUS» ЖШС-ге 70 млн теңге бөлінді. Осы жылдан бастап «SEMEI QUS», «Adal» дүкендерінде және әлеуметтік он екі пайыздан бір данасы қырық төрт теңгеден бірінші санаттағы жұмыртқа сатылады,- деді Р.Ворошилов.

Басқарма басшысы атап өткендей, Абай облысының өнеркәсіп орындары жыл басынан бері 1,8 трлн теңгенің өнімін өндірген. Бұл республикалық өндіріс көлемінде 4 пайызды

құрады. Облыстың өнеркәсіп өндіріс құрылымының ең үлкен үлес салмағы (69,2 пайыз) тау-кен өнеркәсібіне тиесілі. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда осы жылы 1,2 трлн теңгенің, ал өңдеу өнеркәсібінде 495 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Бүгінде Абай облысы аумағында 470-тен астам өнеркәсіп кәсіпорындары өз қызметін жүзеге асыруда.

- Басқарма қазақстандық тауарлардың сатып алуындағы үлесін ұлғайту мақсатында жер қойнауын пайдаланушылар мен отандық тауар өндірушілер арасында әріптестік орнатуда. Қазіргі таңда индустрияландыру картасына көлемі 1,6 трлн теңгеге 20 жоба енгізілді. Оның ішінде осы жылы 1,6 млрд теңгеге екі жоба жүзеге асып, 80 жаңа жұмыс орны құрылды. Атап айтсақ, «ArlInvest» ЖШС құбырлар шығаратын зауыт, «Eastern Gold» алтын өндіру фабрикасы іске қосылды. Келер жылы 16 млрд теңгеге тағы екі жобаны іске қосу жоспарланып отыр. «Қазполиграф» ЖШС сұйық өнімдерге арналған картон (Purge-Pak) шығару бойынша жаңа өндірістік желіні іске қосса, «СемАЗ» ЖШС-да көлік құралдарын құрастыру бойынша өндірістік алаң құрылады,- деді Р.Ворошилов.

Басқарма басшысы атап өткендей, биыл облыста 200 мыңнан астам турист келген. Үш тілде интерактивті QR-код жасалып, туристер баратын орындар мен қонақ үйлерге орналас-тырылған.

Баяндамадан соң басқарма басшысы БАҚ өкілдерінің сауалдарына жауап берді.

# МҰРАТЫНА ЖЕТКЕН МҰРАТБЕК АҒА

Ел сыйлаған азаматтардың бірі Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы Оралов Мұратбек ағамыз «Тарбағатай тарланы» медалімен марапатталыпты деген жақсы жаңалық құлағымызға тиісімен қадірменді қарияға сәлем берейік, қуанышымен құттықтайық деп Байтеміров Нұртас замандасым екеуіміз үйіне бардық. Сәлемдесіп, амандық-саулық сұрасып жатырмыз. Мадина жеңешеміз «қош келдіңдер!» деп құрақ ұшып жүр. Жасы сексеннен асқан ағамыз сәл сырқаттанып қалғанына қарамастан бізді жылы шыраймен қабылдады.

- Келіңдер, жоғары шығыңдар!- деп Мұратбек аға төрді нұсқады.

- Марапатыңыз құтты болсын! Елге сіңірген еңбегіңіздің бағаланғаны ғой бұл, дестік біз жарыса сөйлеп.

- Рақмет! «Елім, жерім» деп жарғақ құлағы жастыққа тимей еңбек етіп жүрген Дулат бауырымыз маған көрсеткен інілік құрметі ғой бұл, өркені өссін Дулаттың, қайда жүрсе де аман болсын, сендерге де алғысым шексіз,- деді ағамыз.

Елге сыйлы қария, Тарбағатай ауданының Құрметті азаматы Мұратбек Оралов жайлы сөз қозғамас бұрын «Тарбағатай тарланы» медалі туралы қысқаша айта көткен орынды сияқты. 2018 жылы Ақсуат ауданындағы Екпін ауылының тумасы, елімізге танымал кәсіпкер, меценат, «TAS GROUP» компаниялар тобының негізін қалаушы әрі бас директоры, «Assyltas» қоғамдық қорының құрылтайшысы, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің вице-президенті, медицина, спорт, мәдениет саласындағы қайырымдылық жобаларының белсенді қатысушысы, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы Дулат Тұрсынұлы Тастекеев Тарбағатай өңірінен шыққан, сол өңірге еңбегі сіңген азаматтарды марапаттау үшін «Тарбағатай тарланы» медалін тағайындаған болатын.

Сол жылы, 28 шілде күні, Ақсуат ауылындағы Ырғызбай Досқанұлы атындағы орталық стадионда Дулат Тастекеевтің демеушілігімен «Туған жерге туынды тік» тақырыбында халықаралық ақындар айтысы өтті. Сол шараның салтанатты сәтінде Дулат Тұрсынұлы сөз сөйлеп: «Өздеріңіздің перзенттеріңіз тіңде туған жерге, халықтың алдына тағы да осы киелі де төл өнеріміз айтысты сый етіп әкелдік. Мұның екі түрлі себебі бар. Біздің Тарбағатай халқы айтыс десе, ішкен асын жерге қояды. Екіншіден, біздің төл өнеріміз айтыс — туған тіліміздің, қазақ тілінің сақталып қалуының бір діңгегі. Айтыс дамыса, тіліміздің мәртебесі көтеріледі. Тіліміздің деңгейі өссе, халқымыз болады. Халқымыз болса, ұлан-ғайыр жері бар Қазақстан елі мәңгі болады. Сондықтан да айтысты қолдауға бел будық. Айтыспен қоса, елге арнаған сыйымыз бар. Оны жыл сайын ұйымдастыру үшін биыл «Assyltas» деген қоғамдық қор құрылды. Туған жерді, қазақ елін көркейтуде, өркендетуде ел етуге үлес қосқан ағаларымызға алғыс ретінде төсбелгі тақсақ деген ниетпен «Тарбағатай тарланы» медалін тағайындадық. Бүгін «Assyltas» қоғамдық қоры атынан үш азаматты «марапатталғанымыз» деп келіп, Бәделхан Камалханұлына, Ділдабек Оразбаева және Талғат Мәзімбаеваға «Тарбағатай тарланы» медалін өз қолымен тапсырған еді.



Одан кейінгі жылдарда «Тарбағатай тарланы» медалімен шығыс өңірінде дүниеге келіп, осы өлкенің дамуына үлес қосқан бірнеше азамат, атап айтқанда Олимпиада ойындарының жүлдегері Дәулет Тұрлыханов, жазушы Ұлықбек Есдәулетов, ақындар Серік Қалиев, Ақберен Елгезек, Рүстем Қайыртайұлы, журналист Мақсат Тольқыбай, Президенттің Баспасөз хатшысы Берік Ұәли, грек-рим күресінен бес дүркін әлем чемпионы Алматы Келісбаев, «Қазақстан» ұлттық арнасының директоры Болат Мүрсәлімов және басқалар марапатталған болатын. Енді, міне, осы медальды еңбек ардагері Оралов Мұратбек ағамыз омырауына тағы отыр.

Мұратбек Оралов 1940 жылы 28 мамырда Ақсуат ауылында дүниеге келген. Осы ауылда орта мектепті бітіріп, еңбек жолын аудандық мал емдеу станциясында ветеринарлық санитар болып бастады. 1959 жылы Семейдің зоотехникалық-малдәрігерлік институтын «Ветеринария» мамандығы бойынша бітірді. 1964-1965 жылдары Көкпекті аудандық малдәрігерлік зертханада бөлім басшысы болды. 1965-1970 жылдар аралығында Ақсуат ауданының «Карл Маркс» кеңшарында бас мал дәрігері қызметін атқарды. Одан кейінгі жылдары Мұратбек аға Ақсуат аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі бас мал дәрігерінің орынбасары, малдәрігерлік станция басшысы болып қызмет етті. 1982-1994 жылдар аралығында бұрынғы Таскескен ауданындағы «Шолпан» совхозын, одан кейінгі үш жылда «Ақсуат» совхозын басқарды. 1997-2004 жылдары «Нарын» өндірістік кооперативінің төрағасы қызметін атқарды.

Ел мен жер тарихын жете білу қоғамның дамуы үшін өте қажет екенін түсінген Мұратбек аға тікелей ұрпағы ретінде Орта жүзден шыққан атақты Қожакелді батырдың есімін кіндік қаны тамған туған топырағында ұлықтауға көп еңбек сіңірді. Құзырлы органдардың көзін жеткізу үшін көп ізденіп, Ақсуат ауылындағы №2 мектепке Қожакелді батырдың аты берілуіне қол жеткізді.

Абзал азаматтардың бірі, өз дәуірінің лайықты өкілі болған Мұратбек ағадан

тараған ұрпақтар - Гүлбаршын, Гүлнәр, Бауыржан, Манарбек, Гүлжанат, Мерей және Руслан заман талабына сай білім алып, кәсіп меңгерді, өнегелі отбасын құрды. Бүгінде әр салада жемісті еңбек етуде. Осы балаларынан Мұратбек аға мен Мадина жеңеміз он бес немере, бес шөбере сүйді. Үлкен ұлы Бауыржан Ақсуатта ата-анасымен бірге тұрады. Қаратал деген қыстақта «Мейіржан» атты шаруа қожалығы бар. Мерей - Қарағанды облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментінде жедел іздестіру басқармасының бастығы. Ол осы салада он облыста департамент бастығы болып қызмет еткен. Бородулиха, Аягөз аудандарының прокуроры болған кенже ұлы Руслан — қазіргі таңда Абай облысы бойынша көлік прокуроры.

Мұратбек ағаның ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан еңбек үлесі жоғары бағаланып, «Құрмет белгісі» орденін иеленді. Сонымен қатар «Еңбек ардагері», «Ауыл шаруашылығы озаты», ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Озық тәрбиеші» төсбелгісімен, «Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығына еңбек сіңірген қайраткер» белгісімен және тағы басқа бірқатар медальдармен марапатталған, бірнеше рет селолық және аудандық кеңестің депутаты болып сайланған.

«Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген аталы сөз бар. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету парызымыз екенін білетін Тастекеев Дулат бауырымыздың Мұратбек ағасын ауылына іздеп келіп, «Тарбағатай тарланы» медалін тапсыруы, әңгімесін тыңдап, батасын алуы - қазыналы қартқа деген үлкен құрметі, азаматтық іс.

Өткенде қасында ауданымыздың әкімі Еркін Кәдірбекұлы бар, басқа да азаматтар бар Дулат бауырым үйге келіп, хал-жағдайымды сұрап, марапат тапсырғанда төбем көкке бір елі жетпей қалды. Еңбегіміңді елеулі екенін сезініп, қуанып қалдым. Алғыс арқаалап, өз ортама сыйлы болғанымыз үлкен бақыт санаймын, — дейді Мұратбек қария.

**Хамза СӘТІЕВ,**  
Ақсуат ауданы

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН



# ТИК-ТОК ТРЕНД

## НЕМЕСЕ ТӨРТ АЯҚТЫҒА ЕЛІКТЕГЕНДЕР

**Квадроберлер. Жан-жануарларға еліктеушілер. Дұрысы - төрт аяқтының кейпіне еніп, тірлік кешіп жүрген балалар мен жасөспірімдер. Тик-токтан басталған балалар мен жасөспірімдер арасындағы бұл жаңа тренд біздің елімізге де жеткен. Квадроберлер қоғамдық орындарда көзге көп түсе бермегенімен, мегаполистерде арагидік бой көрсетіп жүр. Оны әлеуметтік желілерден байқап қаламыз. Содан кейін де қоғамның қызу талқысына түсті.**

Қызығы, төрт тағанды жүруге әуестер мұны хобби санайды. Ұстанымын ата-анасы құптағандары да бар көрінеді. Солайша өмір салтына айналдырған. Еліктеуді ерсі көрмегендер маскасын өз қолдарымен жасап алып, ұнаған образына енеді. Желікте жастардың ермегінен пайда тауып жатқандар да бар. Оны сауда нүктелерінен аңғаруға болады. Қазір жануарларша жүріп-тұрамын дегендерге дайын рекевизі жеткілікті. Оларға арналған арнайы маскәләр саудада бар. Квадробинкке еліктейтіндер маскәнін бағасына қарамай саудасын қыздырып жатқан көрінеді. Бүгінде жасөспірімдердің ғана емес, ересектер тарапынан да сұраныс артқан деседі.

Трендтің тик-токтан басталғанын айттық. Жалпы, бұл әуестікке квадробика деген атау қайдан телінді? Тарихын тарқатсақ, квадробика, квадробинг ұғымының түп тамыры Күн шығыс еліне тартады. Бала күнінен төрт аяқтал жүруді әдетке айналдырған жапондық спринтер Кенити Ито итке елікте-

гендердің бастауы десек болады. Ол 100 метрге төрт тағанды жүгіріп, Гиннестің рекордтар кітабына да еніпті. Жапон баласының осы жетістігіне таңырқандар трендке айналдырса керек. Бастапқыда Жапония, кейін Америкада квадробикаға әуестенгендер қатары көбейе берген. Солай әлем айналған бұл еліктеушілік әлеуметтік желі арқылы бізге де жетті.

Жат жерден жеткен жастардың бұл хоббиіне қатысты психологтер пайымы сан түрлі. Бірі бұл оғаш қылыққа ойын балаларының уақытыша еліктеушілігі деп баға берсе, енді бірі ерсі қылықпен айналысқан жеткіншек адам қундылықтардан алшақтай бастайды деп аландаушылық білдіруде. Тик-токтан тараған тренд баланың түп санасына тамырын жаймай тұрып, тез арада тоқтату керек деген пайым айтқан мамандар да болды.

Діни шариғатпен жүретін мемлекет болмасақ та өзімізді мұсылман санайтын халықпыз.

Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы жастардың бұл әуестігін құптамайды. Дініміз бен дәстүрімізде болмаған дүниені дәріптеу дұрыс емес дейді.

Квадробиканың қауіп жоғары мінберлерден де айтыла бастады. Мәселен, мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев өзінің депутаттық сауалында мәселеге маңыз берді. Мәжілістен тіпті жануарларша жүргендердің әрекетін деградация деп дабыл қақты. Сондықтан депутат жануарлардың қимыл-қозғалысын қайталағандарға қарсы күресті қазір бастап, жеткіншектердің желікте қылығын заңмен тыюымыз керек деп санайды.

Құйрық жабыстырып, маскәнін артына тығылғандар төрт аяқтыларға табынуларын жалғастыра берсе, қоғамға қауіп төндіруі де мүмкін.

**А.СЕРІКЖАНҚЫЗЫ**  
Шәкәрім университетінің 2-курс студенті

ХАБАРЛАНДЫРУ

**«РЛС Плюс» ЖШС «Құрамында алтыны бар кендер Абай облысындағы Болдыкөл учаскесінде барлау жұмыстарын жүргізу жоспарына» экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.**

Тыңдаулар 2025 жылғы 11 ақпанда сағат 12.00-де де Абай облысы, Жаңа Семей ауданы, Көкентау ауылдық округі, Көкентау ауылы, Майтқанов к., 27 мекенжайында, Көкентау ауылдық округі ғимаратында өтеді. Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болсын. Ашық отырысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін. Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, аталған қоғамдық тыңдаулар тек онлайн-форматта өткізілетін болады. Конференция идентификаторы: 868 9250 3425, кіру коды: 6qqtDQ.

Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жаңа Семей ауданы, Көкентау ауылдық округі, Көкентау ауылы. Әсер ету аймағының координаты: Т1 С.Ш 50.06411 В.Д. 79.754465, Т2 С.Ш 50.045610 В.Д. 79.789099, Т3 С.Ш 50.024934 В.Д. 79.740042, Т4 С.Ш 50.042101 В.Д. 79.713435

Бастамашы - «РЛС Плюс» ЖШС, БСН: 210940014243, Өскемен қ., Самар тас жолы, 15 тел.: 87751760147, e-mail: Ainur.Manakbayeva@omnimap.org

Құжаттарды әзірлеуші: «Центр проектирования и экспертизы» ЖШС, БСН 160140018493, ШҚО, Өскемен қ., Новаторлар к-сі 3/1, 16 н. п., тел.: 87771493650, e-mail: Sreinfo@mail.ru.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ecportal.kz/> (ЕАП), Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Абай облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=kk>.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта: [kizatova\\_86@mail.ru](mailto:kizatova_86@mail.ru), Ainur.Manakbayeva@omnimap.org және 87751760147 телефон арқылы алуға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауларға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: электрондық пошта – [aktoty\\_mira@mail.ru](mailto:aktoty_mira@mail.ru), және почта арқылы – Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көш., 30. Тел. 8(777)9556334, 8(747)1830572.

Лицензиялық алаңның бұрыштық нүктелерінің координаттары

| Солтүстік ендік |      |      | Шығыс бойлық |      |      | Солтүстік ендік |      |      | Шығыс бойлық |      |      |
|-----------------|------|------|--------------|------|------|-----------------|------|------|--------------|------|------|
| град.           | мин. | сек. | град.        | мин. | сек. | град.           | мин. | сек. | град.        | мин. | сек. |
| 50              | 20   | 0,00 | 78           | 36   | 0,00 | 50              | 15   | 0,00 | 78           | 50   | 0,00 |
| 50              | 20   | 0,00 | 78           | 43   | 0,00 | 50              | 15   | 0,00 | 78           | 55   | 0,00 |
| 50              | 22   | 0,00 | 78           | 43   | 0,00 | 50              | 9    | 0,00 | 78           | 55   | 0,00 |
| 50              | 22   | 0,00 | 78           | 45   | 0,00 | 50              | 9    | 0,00 | 78           | 53   | 0,00 |
| 50              | 21   | 0,00 | 78           | 45   | 0,00 | 50              | 5    | 0,00 | 78           | 53   | 0,00 |
| 50              | 21   | 0,00 | 78           | 48   | 0,00 | 50              | 5    | 0,00 | 78           | 47   | 0,00 |
| 50              | 22   | 0,00 | 78           | 48   | 0,00 | 50              | 6    | 0,00 | 78           | 47   | 0,00 |
| 50              | 22   | 0,00 | 78           | 50   | 0,00 | 50              | 6    | 0,00 | 78           | 49   | 0,00 |
| 50              | 15   | 0,00 | 78           | 50   | 0,00 | 50              | 10   | 0,00 | 78           | 48   | 0,00 |
| 50              | 15   | 0,00 | 78           | 55   | 0,00 | 50              | 13   | 0,00 | 78           | 48   | 0,00 |
| 50              | 9    | 0,00 | 78           | 55   | 0,00 | 50              | 13   | 0,00 | 78           | 46   | 0,00 |
| 50              | 9    | 0,00 | 78           | 53   | 0,00 | 50              | 16   | 0,00 | 78           | 46   | 0,00 |
| 50              | 5    | 0,00 | 78           | 53   | 0,00 | 50              | 16   | 0,00 | 78           | 36   | 0,00 |
| 50              | 5    | 0,00 | 78           | 47   | 0,00 | 50              | 9    | 0,00 | 78           | 49   | 0,00 |
| 50              | 6    | 0,00 | 78           | 47   | 0,00 | 50              | 9    | 0,00 | 78           | 47   | 0,00 |
| 50              | 6    | 0,00 | 78           | 49   | 0,00 | 50              | 10   | 0,00 | 78           | 47   | 0,00 |

ЕРЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

АТАЛАР АМАНАТЫНА АДАЛ ҰЙЫМ

немесе майдан мистикасы туралы бірер сөз

2025 жылы жер бетіндегі ісі адамзат баласының басына қайғы әкелген Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл толады. Осы қанқұйлы майданда 1 млн 300 мыңнан аса боздағымыз «етігімен қан кешіп», оның 630 мыңы қыршынынан қиылды. 271 мың сарбаз із-түзсіз жоғалып, хабар-ошарсыз кетті. Біз сол соғысты жүйелі түрде зерттеп, ардагерлеріміздің ерен ерлігін тасқа қашай алып отырмыз ба? Архив құжаттарының сарғайған сартап беттері қашан толығымен парақталады?

ҰЛТТЫҚ ПЛАТФОРМА ЖАСАҚТАУ КЕРЕК

Ресей тарихшылары Екінші дүниежүзілік соғыстың әр күн, әр ай, әр жылын саралап, майдан даласында қан кешкен азаматтардың дәйек-дерегін қалың бұқараға жеткізу жұмысын жүйелі жүргізіп жатыр. Қазір тіпті Ресей Қорғаныс министрлігінің Подольск қаласында орналасқан Орталық архивіндегі «құпия» деп белгі соғылған құжаттар да ашылып, майданның біз білмейтін сырлары жариялана бастады. Ал бізде ше?

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 80 жыл тоғанына баға берудің маңызы өте зор екенін айтқан еді. Осы орайда сұм соғыс кезінде шешім қабылдайтын жерленген бөлгіс сарбаздардың жоқтаушысы болып жүрген «Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігі жөнінде кеңінен тоқталғымыз келіп отыр. Бұл бірлестік төрағасының орынбасары Әбу-бәкір Смайыловпен сөйлескенімізде, ұйымның құрылғанына 5 жыл тоғанын, ұйым сайтына 2019 жылдан бері 9 мыңнан аса өтініш түскенін, 4 мыңнан аса сарбаздың жерленген жері мен жеке тұлғалары анықталғанын, 19 сарбаздың сүйегін елге әкеліп, әскери құрметпен қайта жерленгенін айтты.

«Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан баатырларымыз туралы деректерді іздеу, жинау, қорыту жұмысы әрі қарай жалғаса береді. Қазір елімізде майдангер ата-бабалары туралы дерек іздеуші ұрпақтардың саны 2 млн адамнан асады. Аталары туралы ақпарат іздеген сол 2 млн азаматымызға көмектесетін ұлттық платформа, яғни электронды базамыз жоқ. Бұл жөнінде Мәжіліс депутаты Еділ Жаңбыршин Парламент мінберінен мәселе көтеріп, тіпті аталған ұлттық платформаны қаржыландыруды бюджетке артып қоймай, «Қазақстан халқына», «Самұрық-Қазына» секілді қорлар арқылы жүзеге асыруға болатыны туралы ұсыныс та айтқан еді», дейді Ә.Смайылов.

Қазақстан майданға аттанған 1 млн 300 мыңнан аса боздақтың әрқайсысының өз тағдыры бар. Ол тағдырларға жан бітіріп жан-жақты зерттеп, тасқа қашау – бүгінгі ұрпақтың міндеті. Мәселен, осы мақаланы жазу барысында ресейлік электронды дерек-қорлар арқылы туыс атамыз Бейсен Серкеев туралы мәліметтер іздеп көрдім. Ауылдастар «Бригадир Бейсен» деп атайтын қарапайым ғана қара шал 1944 жылдың 27 желтоқсанында Латвияның Муценики деген ауданында болған түнгі шайқаста қарсылас тараптың қатардағы 12 әскері мен 1 офицерімен, бір пулемет пен бір танкті жойып жіберіп, осы ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденін алды.

17 жасында өзі сұранып соғысқа аттанған екінші туыс атамыз Анарбек Байтуов 1944 жылдың 20 қыркүйегінде өз әмірін қауіп-қатерге тіге отырып, 16 арба снарядты тиісті жерге аман-есен жеткізіп, 7 жау әскерінің көзін жойып, ол да кешесіне «Қызыл Жұлдыз» орденін қадапты. Бұл аз болса, Анарбек ата 1945 жылдың 10 ақпаны күні жеке автоматпен 20 жау әскерін жойып, «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

Бейсен, Анарбек аталарымыз бертінде дейін өмір сүрді. Қазақтың қарапайым қара шалдарының көзін батыр болғанын қазіргі ауылдағы ұрпақтары да жете білмейді. Мұндай деректер тек осы екі атамызға ғана тиесілі еместігі тағы анық. Демек, Ә.Смайылов айтқан жауынгерлердің құжаттарын, деректерін зерттеп, жүйелі арнайы ұлттық порталға жинау қажеттігін осыдан-ақ аңғаруға болатындай.

ЖОҚШЫ АЙГҮЛ

«Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігі 2019 жылдан бері 9 мыңнан аса өтініш қабылдап, 4 мың сарбаздың жерленген жері мен жеке тұлғаларын анықтағанын дерек ретінде айтты. Енді осы дерекке аталған қоғамдық ұйымның бір ғана еріктісінің мысалымен жан бітіріп көрсек.

Алматы облысының орталығы Қонаев қаласында тұратын ерікті Айгүл Айтовамен сұхбаттасқандарымызда: «2000 жылдардың басында теледидардан

ДЕНСАУЛЫҚ

Жаңа жылдық мерекеде дастарқанымызды түрлі дәмді тағамдармен толтырғымыз келіп, мол етіп дайындаймыз. Мерекеден кейін де сол тағамдарды жей береміз. Мұның арты улануға әкеліп соғып жатады.

ТАМАҚТАН УЛАНЫП ҚАЛМАҢЫЗ

Адамдар салаттардың барлық түрлерінен (ең алдымен майонез және қаймақ қосылған), кремі бар кондитерлік өнімдер, тартылған ет тағамдары және тағы басқа дайын тағамдардан улануы мүмкін. Дұрыс жуылмаған жемістер мен жидектер, көкөністер де улануға себеп болуы мүмкін, өйткені олардың бетінде ішек инфекцияларының қоздырғыштары қалуы ықтимал.

Тағамды ұзақ уақыт сақтау денсаулыққа кері әсер етуі мүмкін екенін есте ұстаған жөн. Тамақтан улану жағдайлары көбінесе мереке күндері артады, себебі артық қалған салаттарды, тағы басқа піскен тағамдарды тастауға кимай, тоңазытқышта сақтап, екі-үш күн бойы тұтынамыз. Ал екі-үш күннен артық сақталған ет, балық өнімдері және майонез қосылған салаттар тез бұзылады. Олардың сақталу мерзімі шамамен 24 сағатты құрайды. Сондай-ақ сары май мен қаймақ қосылған торттар сияқты тәтті-дәмділерден улану қаупі жоғары. Себебі бұл патогендік бактериялардың тез көбеюіне тамаша орта болып табылады. Тез бұзылатын тағамдарды, әсіресе майонез қосылған салаттарды тоңазытқышта 24 сағаттан артық сақтамаңыз.

Сондай-ақ үй жағдайында дайындалған көкөніс консервілері, балық ет, кептірілген балық та денсаулығымыз үшін өте қауіпті екенін ұмытпайық.

А.БАЙЖІГІТОВА,

Аягөз аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

«Жди, меня», «Бармысың, бауырым?» деген секілді бағдарламаларды үзбей көруші едім. Тіпті, бірде «Жди, меня» хабарына «Тегін ерікті болуға дайынмын, мені командаларыңызға алсаңыздар» деп Мәскеуге хат та жолдағанмын. Яғни бала кезімнен артында жоқтаушысы жоқ адамдарды іздеуді жаным қалап тұратын», деп бастады әңгімесін.

«Анам Райхан Әділбайқызы соғыстан қайтпай қалған әкесін жиі еске алушы еді. Анамның айтуынша, әжеміз «аман-есен оралады» деп ұлын өмір бойы күтіп, жылай-жылай көзі көрмей қалыпты. Осындай әңгімелердің әсері болар, нағашы атам Әділбай Жарлығапов туралы ізденіп, он шақты жыл бұрын біраз мәлімет таптым. Нағашы атам соғысқа қазіргі Жетісу облысының Сарқан ауданына қарасты Шатырбай ауылынан аттанып, Сталинград шайқасына қатысыпты. 1943 жылдың 7 қаңтарында ауыр жарақаттан қаза тапқан. Ресейдің Волгоград облысының Дубовский ауданына қарасты Лозное деген ауылына жерленіпті. Анам нағашы атамнан қалған жалғыз тұяқ еді. Әкесі майданға кеткен кезде қырқынан да шықпаған. Атам туралы деректерді тапқан сәттегі анамның көз жасын көріп, аталарының мәліметтерін іздейтіндерге қолұшын созу керек екенін терең түсіндім. Содан бері дерек іздеген қаншама адамға көмектестім. Осыдан 4 жыл бұрын «Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігінің жұмысымен танысып, аталған ұйымға ерікті ретінде тегін қызмет ете бастадым», дейді А.Айтова.

ЖАНТАС АТАНЫҢ АЯН ТҮСІ

Екінші дүниежүзілік соғысқа аттанып, хабар-ошарсыз кеткен боздақтарды іздеу үшін кез келген азамат алдымен «Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігінің сайты арқылы өтінім берсе болады. Сіздің өтініміңіз базаға тіркеліп, еріктілер әр сарбазға қатысты мәліметтерді жеке-жеке іздеуді бастайды. Дәл осындай жолмен бері аталған ұйымға Қызылорда облысының Шмөл ауданында тұратын Жантас Айтұғанов деген ақсақалдан өтінім түскен.

КОЛПИНА, БАУЫРЛАСТАР ЗИРАТЫ

Қызылорда облысының тұрғыны Жантас Батырханұлының айтуынша, майданда ізтүзсіз қалған кіші әкесі (әкесінің інісі) туралы мәлімет іздеп, ұзақ жылдар бойы сұрау салмаған жері, өтініш жазбаған мекемесі қалмапты. Әскери комиссарияттар мен архивтерге жіберген хаттардан мардымды жауап келмеген. Кіші әкесінің жамбасы жерге тиген қабірді тапса деген үміті біржола үзіліп, ізденуден өбден беті қайтқан сәтте түс көреді. Түсінде Жантас ата ну жыныс орман ішін аралап жүр екен. Кенет шалғын шөптің арасында тас жатқанын байқайды. Өлгі тасты шөп-шаламан аршып қалса, майдан даласында шөйт кеткен жауынгерлердің аты жазылыпты. Олардың арасында өзі іздеп жүрген Айтұған Меделхановтың да тегі қашалыпты. Дәл осы сәтте кіші әкесінің елесі көзін көрініп, «Мені іздесен, алдымен Зубов деген жауынгерді тап» дейді де ғайып болады.

Жантас Батырханұлы аян түстен кейін қайта ізденуді бастап, «Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігіне жүгінеді. Бұл жұмысты ұйым Айгүл Айтоваға тапсырады.

«Қолымызда Айтұған Меделхановтың 1941 жылы қарашада Ленинград (Санкт-Петербург) түбінде қайтыс болғаны туралы жалғыз дерек болды. Біз аян түске сүйеніп, Ленинград маңында шөйт кеткен боздақтардың ішінде Зубов деген адамды да іздедік. Зубовты іздеп отырғанда Ленинград маңындағы Колпино атты шағын қалада қаза тауып, бауырластар зиратының жерленген оннан аса қазақтың тізімі шықты. Мен оның бәрін қағазға түсіріп алдым», дейді А.Айтова.

Қысқасын айтқанда, Зубовты іздеу арқылы қызылордалық Жантас ақсақалдың көктен сұрағаны жерден табылып, кіші әкесінің зиратын тапқан. Сүйінші хабарды ести сала Жантас ақсақал Ботагөз атты қызын алып, Ленинград облысына барып, баба рухына тағзым етіп, қабірінің басына туған жерден бір ұсы топырақ салып, құран оқытып, жаны жай тауып елге қайтыпты.



О ДҮНИЕДЕ ТАБЫСҚАН ҚҰДАЛАР

А.Айтова аян түстегі Зубовты іздеп отырып тапқан қазақ сарбаздары туралы мәліметтердің бәрін әлеуметтік желілерге жүктеген. WhatsApp топтар арқылы ұрпақтарын іздеп, сауын айтқан. «Бір күні Әлбатыр Жабағыұлы мен Қошқар Құлмағамбетұлы атты майдангерлердің ұрпағы Батыр Төлеубайұлы деген кісі хабарласты», деп жалағды әңгімесін белсенді.

1942 жылдың мамыр айында Әлбатыр Жабағыұлы Қостанай облысының Амангелді ауданына қарасты Жаңатұрмыс ауылынан Екінші дүниежүзілік соғысқа аттанып, сол жылдың 3 қыркүйегінде Ленинград қаласы маңында шөйт кеткен екен. Ал Қошқар Құлмағамбетұлы да сол жылы, сол күні аталған ауданның Чапай ауылынан әскер қатарына шақырылып, ол да 1942 жылдың 3 қыркүйегінде қаза тауыпты.

Әлбатырдың артында Төлеубай атты 6 жасар ұл, Қошқардың артында бесіктегі Дәріш атты қыз қалған.

1962 жылы әкелерін соғыс жалмаған екі жас отау құрады. Ұзақ жыл бақытты ғұмыр кешіп, ұлын уяға, қызын қияға қондырады. Төлеубай ақсақалдың өмір бойы әкесінің зиратын іздеген. Әкесінің һәм қайын атасының қабіріне тәу етіп, құран бағыштауды армандап, Қазақстан Қорғаныс министрлігінен бастап, Ресей Қорғаныс министрлігіне қарасты мекемелердің бәрине хат жазған. Бірақ әкесінің зираты туралы еш мәлімет таппай, өмірден өтеді. Әкесінің арманын орындауды Батыр Төлеубайұлы жалғастырып, ізденуді тоқтатпайды. Сөйтіп жүрген кезде Айгүл Айтованың мәліметіне кезіккен.

Ең қызығы сол, болашақ құдалардың 1942 жылдың 3 қыркүйегінде Ленинград маңында Колпино қаласында дәм-тұзы таусылып, екеуі 34-35 нөмірлі қабірлерге қатар жерленіпті.

«2023 жылы бауырластар зиратында жерленген солдаттардың тізімінен екі атамның да аты-жөні қатар шықты. Мұндай таңғажайып оқиға үш ұйықтасқан да түсіне кірмейді ғой. Анамыз 83 жасында перзенттік парызын өтеп, Ресейдің Санкт-Петербург қаласы маңындағы Колпино ауданының орталығындағы зиратқа барып, құран бағыштап қайтты. Екі атамның өруағы риза болсын деп қабірлерінің басына көк тасын қойдық», дейді Батыр Төлеубайұлы.

Аян түс Жантас ақсақалдың кіші әкесі Айтұған Меделхановты ғана емес, қатар жерленген қос құда туралы құпияны ашуға да септігі тиген. Біз бір ғана еріктінің басынан өткен мистикаға толы хикаяны баяндадық. Ал аталарының аманатына адалдық танытып жүрген басқа да белсенділердің тапқан деректері осындай әсерлі боларына шүбә жоқ.

СОҒЫС ӨРТІ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫН ДА ШАРПЫҒАН

«Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары Әбубәкір Смайылов Екінші дүниежүзілік соғыстың өрті еліміздің батысын да шарпығанын тілге тиек етті. Ол Орал өңірі арқылы Сталинград майданына оқ-дәрі, қару-жарақ, дәрі-дәрмек пен жаралыларды таситын эшелондар өткенін, әуе қорғанысы штабтарының деректері Шонғайға – 24, Сайқына – 36, Жаңібекке 40-қа жуық әуе шабуылы жасалғанын, жау әскерінің сол шабуылдары салдарынан 300-ге жуық бейбіт тұрғын мен әскерлер опат болып, шамамен 250 адам жараланғанын (нақтыланбаған дерек) айтты.

«Атамның аманаты» ұйымы деректеріне қарағанда, соғыс өрті шарпыған қазақ даласында 50 бауырластар зираты бар екен. Өкініштісі, марқұмдар қалай болса солай жерленген. 2020 жылдың қыркүйек айында «Атамның аманаты» ұйымы өз қаражаты есебінен Батыс Қазақстан облысы Бөкей орда ауданында қазба жұмысын жүргізіп, әуе шабуылынан қаза тапқан 17 жауынгердің сүйегін тапқан. Мәйіттерге сарптама жасалып, жауынгерлердің аты-жөні деректері анықталған. 17 жауынгердің бәрі де – Ресей азаматы. Ұйым қолдағы деректерді Қазақстанның Ресейдегі елшілігіне жіберген.

«Батыс Қазақстан облысына қарасты Бөкей орда ауданында №372 және №365 бекеттері бойында қазба жұмыстарын жүргізіп, толық зерттеп, соғыс өрті шарпыған қазақ даласындағы ақталған беттерді біржола жабу керек. Бұл жөнінде Қорғаныс министрлігінің орынбасары, генерал-майор Шаих-Хасан Жазықбаевқа да мәлімдеген едік», дейді Ә.Смайылов.

Бүгінде «Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігі үш бағыт бойынша кешенді жұмыс істеп жатыр. Бірінші бағыт бойынша ұйым арқылы, түрлі порталдар мен қауымдастықтар арқылы майдангерлер туралы деректерді іздейді.

«Соғыс кезінде құжаттардың дені қолмен толықтырылған. Құжатты жазған азаматтардың сауаттылық деңгейіне де сын айта алмайсыз. Яғни, біріншіден, қазақ атуаларды қалай естисе, солай жазған. Сол қате жазылған аты-жөндер кімге тиесілі екенін анықтау да қиындық туғызып жатыр. Мысалы, қазақта ат тергеу деген дөстүр бар. Жеңгелері қойған атпен құжаты толтырылған азаматтар бар. Тіпті, Оспанов деген жауынгердің Осиповқа айналып кеткенін де анықтадық», дейді ол.

Екінші бағыт – майдан даласында тікелей қазба жұмыстарын жүргізу. Ұйым еріктілері жыл сайын Калуга облысында өтетін «Батыс майданы. Варшава тасжолы» халықаралық әскери-тарихи экспедициясына қатысады екен. «Атамның аманаты» ұйымының еріктілері Ғафулла Ақмола облысында жасақталған 387-атқыштар дивизиясы шайқасқан Ульяновск ауданына барып, ескерткіш белгі орнатып қайтыпты. Ұйым осындай қазба жұмыстары нәтижесінде аты-жөні анықталған мүрделерді тізімдеп отырады. Еріктілер марқұмдардың туыстарын тауып, сүйегін елге әкеліп жерлеу ісін де ұйымдастырады. Осыған дейін ұйым 19 майдангердің мәйітін туған жеріне әкеліп, арулап жерлеуге мұрындық болған. Жалпы, Калуга бағытында бес қазба дивизиясы соғысқан әскерлер, соғыс даласында үйінді астында қалған қаншама боздақтың дерегі табыларын бағамдай бөріңіз.

Үшінші бағыт – майдангерлердің ел ішіндегі туыстарын іздестіру. Ұйым Екінші дүниежүзілік соғыста шөйт кеткендердің дерегін тек Ресей аумағынан емес, бүкіл Еуропа мемлекеттерінен (Сербия, Мажарстан, Германия, Польша, Латвия және тағы басқа елдерді) іздеу қажет екенін айтады.

«Қазақстаннан соғысқа аттанған майдангерлер жеңіс жолымен Берлинге дейін барғаны анық. Тіпті, біразы тұтқынға түсіп, концлагерлерде қаза тапқан. Сондықтан да із-түзсіз кеткендерді іздеуді ауқыммен кеңейте береміз», дейді ұйым белсенділері. Сүйегі қазіргі Ресей аумағынан сырт мемлекеттерде қалған 20 мыңға жуық отан-дасымыздың тізімі бар екен. Ұйым сол тізімді облыс-облысқа бөліп, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды бастапты.

«Атамның аманаты» қоғамдық бірлестігі – Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде із-түзсіз кеткен отандастарымызды жүйелі түрде жоқтап жүрген жалғыз ұйым. Туған жерінен бір ұсы топырақ бұйырмай, шөйт кеткен сарбаздарды тауып, бұқара жұмысын ақысыз атқа-рып жүрген Айгүл Айтова, Мейірхан Нұрхайдарқызы, Фарида Үшкемпірова, Гүлнар Қанафина және Гүлнар Тоқтамысова сияқты белсенділердің арқасында қазақ халқының атынан алғыс айтқымыз келеді. Себебі осы еріктілердің арқасында сұм соғыстың біз білмейтін әлі талай сыры ашылары анық.

Қанат БІРЛІКҰЛЫ

БЖЗК ДЕЛДАЛДАРҒА СЕНБЕҢІЗ!

Соңғы уақытта әлеуметтік желілерде және онлайн-хабарландыру платформаларында азаматтардың кез келген санаты үшін ең төменгі жеткіліктілік шегінен (ТЖШ) асатын зейнетақы жинақтарын алу бойынша делдалдық қызметтерді төмен пайызбен көрсету туралы ұсыныстар таратылуда.

«БЖЗК» АҚ өз салымшылары мен алушыларына ескертеді: зейнетақы жинақтарын алу Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодекsinде қатаң белгіленген жағдайларда ғана мүмкін. Ең алдымен, бұл зейнет жасына толу, 1 немесе 2 топтағы мерзімсіз мүгедектік, шөт елге тұрақты тұруға кету, мүрагерлік. Зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және/немесе емделуге заңнамамен белгіленген шарттар сақталған жағдайда, төмендегі азаматтардың санаты пайдалана алады:

- ең төменгі жеткіліктілік шегінен асатын жинақтары бар салымшылар (ТЖШ-дан асатын сома шегінде);
- зейнетақысы жоғалған табыстың (бұрын алынған жалақысының) кемінде 40% құрайтын зейнеткерлер - олар шотта қалған жинақтарының 50% дейін пайдалана алады;
- еңбек сіңірген жылдары бойынша зейнеткерлер (жинақтарының 100% дейін пайдалана алады);
- зейнетақы аннуитеті шартын жасасқан салымшылар (жинақтарының 100% дейін пайдалана алады);
- Зейнетақы жинақтарын тұрғын үйге немесе емделуге мақсатты пайдалану тек үкілетті операторлар – екінші деңгейдегі банктер арқылы мүмкін болады. Тиісінше, делдалдық қызметтер қажет емес. Бұл ретте БЖЗК ешқандай ақы алмайды.
- Күмәнді әрекетке қатысуға келісе отырып, сіз ақшаңызды жөгалту қаупін тудырып қана қоймай, болашақта басқа алаяқтық әрекеттер үшін пайдаланылуы мүмкін жеке деректеріңізді сақталуына да қауіп төндіресіз.
- БЖЗК өз салымшылары мен алушыларына мұндай ұсыныстарды елемеге, тек ресми кездерден ақпарат алуға және құқықтық тұрғыдан қорғалған салада ғана әрекет етуге қатаң кеңес береді.
- Барлық сауалдарыңызға

жауап алуға, ақпараттың дұрыстығын БЖЗК бөлімшелерінде де, қашықтықтан да:

• enpf.kz сайты, БЖЗК/ЕНПФ ұялы қосымшасы арқылы, байланыс орталығының 1418 нөміріне қоңырау шалу жолымен көп арналы тегін байланыс нөме-сі +7 777 000 1418 нөмірі бойынша WhatsApp арқылы, БЖЗК-ның Одноклассники, Telegram, Facebook, Вконтакте, X және Instagram сияқты танымал платформалардағы әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары арқылы да тексере аласыз.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады.

Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемің талап етілмеген сома есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуы, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, «Ұлттық қор – бала-ларға» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымын есепке алуы жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

«БЖЗК» АҚ баспасөз орталығы

Газет 1917 жылдың 17 маусымынан жарық көре бастады

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



Директор - бас редактор РИЗА АСАНҚЫЗЫ МОЛДАШЕВА Редактордың орынбасары - жауапты хатшы РОЗА ПУШПАҚОВА

www.semeytany.kz Email: info@semeytany.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № К266/РУ00061115, 12.12.2022 ж. Газет «АБАИ АИМАQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады. Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісім уәрет - сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады. Жарияланған мақалаларға авторлардың пікірлері редакция қыздарының білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің қуырында. Меншікті тілшілеріміз: Ақсуатта - 8 777 992 80 35, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08. Редакцияның мекенжайы: Ф18А5Н3, Семей қаласы, Қайым Мұхамеджанов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 19525



Кезекші редактор Жадыра ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ